

Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары қызметкерінің қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезеңінде оның қаза табуы (қайтыс болуы) немесе зақымдануы жағдайында біржолғы өтемақы төлеудің ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 24 қаңтар N 97 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 20 қазандағы № 1192 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.10.20 № 1192 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2707 заң күші бар Жарлығының 28-бабын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары қызметкерінің қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезеңінде оның қаза табуы (қайтыс болуы) немесе зақымдануы жағдайында біржолғы өтемақы төлеудің ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2002

жылғы

24

қаңтардағы

N

97

қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары қызметкерінің қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезеңінде оның қаза табуы (қайтыс болуы) немесе зақымдануы жағдайында біржолғы өтемақы төлеудің
ЕРЕЖЕСІ**

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы № 2707 заң күші бар Жарлығына сәйкес ішкі істер органдары қызметкерінің қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезеңінде жарақат алған кезінде, сондай-ақ оның қаза табуы (қайтыс болуы) жағдайында, оны алуға құқығы бар адамдарға, біржолғы өтемақы төлеудің тәртібін айқындайды.

2. Ішкі істер органдарының қызметкеріне біржолғы өтемақы төлеу немесе оны алуға құқығы бар адамға мынадай жағдайларда:

1) ішкі істер органдарының қызметкері қызметтік міндеттерін атқару кезінде немесе қызметтік міндеттерін не қызметтік борышын атқару кезінде алған жарақат салдарынан қызметтен босатылғаннан кейінгі бір жыл ішінде қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда;

2) ішкі істер органдарының қызметкеріне қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезіндегі жарақат алуы, жаралануы (контузия алуы), зақымдануы, науқастануы салдарынан болған мүгедектік белгіленгенде;

3) ішкі істер органдарының қызметкері қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезінде мүгедектікке соқтырмайтын, ауыр немесе жеңіл зақым (жарақаттану, жаралану, контузия алу) алған жағдайда жүргізіледі.

3. Егер заңнамада белгіленген тәртіппен ішкі істер органдары қызметкерінің қаза табуы (қайтыс болуы), жарақаттануы, жаралануы (зақымдануы), науқастануы қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару мән-жағдайларымен байланысты еместігі дәлелденгенде тиісті құжаттар ресімделмейді және біржолғы өтемақы төленбейді.

4. Біржолғы өтемақылар төлеуді қызметкердің қызмет өткеретін жеріндегі бөлімшенің қаржы органы (бұдан әрі - қаржы органы), осы мақсатқа республикалық және жергілікті бюджеттерде көзделген қаражат есебінен, өтініш берілген сәттен бастап екі ай ішінде Қазақстан Республикасының шегінде екінші деңгейдегі банкке алушының жеке шотына аудару жолымен, сондай-ақ оларды пошта бойынша алушының есеп шотына аудару жолымен жүргізіледі.

Кәмелетке толмаған алушыға біржолғы өтемақыны төлеу бұл туралы қамқоршылық және қорғаншылық органдарына, сондай-ақ оның заңды өкілдеріне өтініш берілген сәттен бастап екі ай ішінде бірмезгілде хабарлай отырып, тек қана оның тұрғылықты жері бойынша екінші деңгейдегі банкке

оның жеке шотына аудару жолымен жүргізіледі.

5. Ішкі істер органдарының кадр аппараттары міндетті түрде қызметкерлерге немесе өтемақы алуға құқығы бар адамдарға қаржы органдарына біржолғы өтемақы төлеу туралы өтініштерді беру қажеттігін жазбаша хабарлайды.

6. Біржолғы өтемақыны алу үшін қызметкер немесе оны алуға құқығы бар адам қаржы органына мынадай құжаттарды:

1) қызметкер қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) немесе қызметтік міндеттерін не қызметтік борышын атқару кезінде алған жарақаты салдарынан қызметтен босатылғаннан кейін бір жыл ішінде қ а й т ы с б о л ғ а н ж а ғ д а й д а :

ө т і н і ш т і (1 - қ о с ы м ш а) ;

нотариалды расталған қайтыс болғандығы туралы куәліктің көшірмесін; қаза болғанның (қайтыс болғанның) қызмет өткерген орнынан берілген қаза болуының (өлімінің) жағдаяттары туралы қорытындының көшірмесін; егер төлем жасау үшін өтініш беруші қаза тапқанның (қайтыс болғанның) мұрагері болып табылса, мұрагерлікке құқығы туралы куәлікті; қаза тапқанның (қайтыс болғанның) қаза тапқан (қайтыс болған) күнгі ақшалай үлесі туралы қаржы органының анықтамасын ұсынады.

Осы Ережедегі 2-тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген оқиғалар туындаған кезде денсаулығына келтірілген зақымның салдарынан қайтыс болғанына бір жыл өткенге дейін қызметкердің қаза табу (қайтыс болу) фактісі бойынша Әскери-дәрігерлік комиссияның (бұдан әрі - ӘДК) қорытындысы ұ с ы н ы л а д ы ;

2) қызметкерге осы Ережедегі 2-тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген оқиғалар туындаған кезде денсаулығына келтірілген зақымнан болған мүгедектікті белгілеу кезінде:

ө т і н і ш (1 - қ о с ы м ш а) ;

қызметкердің қызмет өткеретін жерінен берілген зақымдану, жаралану (контузия алу), мертігу, науқастану мән жағдайлары туралы қорытындының к ө ш і р м е с і ;

денсаулығына келтірілген зақымның фактісін растайтын ӘДК берген, осы ӘДК-ның мөрімен куәландырылған қорытындының көшірмесі; қызметкердің оқиға болған күнгі ақшалай үлесі туралы қаржы органының а н ы қ т а м а с ы ;

медициналық-әлеуметтік сараптама комиссиясының мүгедектікті белгілеу

туралы анықтамасының көшірмесі ұсынылады;

3) қызметкер осы Ережедегі 2-тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген оқиғалар туындаған кезде денсаулығына келтірілген ауыр немесе жеңіл зақым алған жағдайда:

өтінішті (1 - қосымша);

қызметкердің қызмет өткеретін жерінен ауыр немесе жеңіл жарақат алған жағдаяттары туралы қорытындының көшірмесін;

емдеу-профилактикалық мекемесінің не ӘДК-ның денсаулығына келтірілген зақымнан алынған ауыртпалық туралы анықтаманы;

қызметкердің оқиға болған күнгі ақшалай үлесі туралы қаржы органының анықтамасын ресімдейді және ұсынады.

7. Қызметкер немесе біржолғы өтемақы алуға құқығы бар адам өтемақы төлеу туралы өтініш жасаған кезде қаржы органы осы Ереженің 6-тармағында көрсетілген құжаттардың толықтығы мен дұрыс ресімделгендігін тексеруге және мекеме басшысының атына ресімделген өтінішті өтініштер мен біржолғы өтемақы төлеуді тіркеу журналында (2-қосымша) тіркеуге міндетті. Осы Ереженің 6-тармағында көрсетілген тиісті құжаттар толық ұсынылмаған жағдайда өтініш тіркелмеуге тиіс.

8. Қызметкерлердің қаза табуы (қайтыс болуы) немесе зақымдануы жағдайында зиянды өтеу жөніндегі жұмысқа жалпы басшылық етуді ішкі істер органдарының кадр және қаржы аппараттары жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары қызметкерінің қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезеңінде оның қаза табуы (қайтыс болуы) немесе зақымдануы жағдайында біржолғы өтемақы

төлеудің ережесіне 1-қосымша

Кімге _____
(лауазымы, арнайы атағы)

_____ мекеме (ұйым) басшысының тегі, аты-жөні

_____ кімнен _____
(өтініш берушінің тегі, аты-жөні)

_____ мекен-жайы
_____ бойынша тұратын өтініш жасаушының

СТН N _____

Біржолғы өтемақы төлеу туралы

ӨТІНІШ

Сізден _____
(залалдың орны толтырылуы тиіс

_____ оқиғаның сипаты көрсетіледі)

байланысты маған біржолғы өтемақы төлеуіңізді өтінемін.

Маған тиісті соманы _____
(банктің атауы, банктің СТН-і,

_____ банктің МФО-сы, алушының жеке есеп шотының N немесе оның байланыс

_____ бөлімшесі арқылы аудару жағдайында оның мекен-жайы)

Өтінішке мынадай құжаттарды:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____ қоса беріп отырмын.

Өтініш иесінің қолы _____

200__ жылғы " __ " _____
Құжаттар 200__ жылғы " __ " _____ қабылданды.

Қолы _____

(құжаттарды қабылдаған адамның қолы)

Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары қызметкерінің қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезеңінде оның қаза табуы (қайтыс болуы) немесе зақымдануы жағдайында біржолғы өтемақы

_____ төлеудің ережесіне 2-қосымша

Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары қызметкерінің қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезеңінде оның қаза табуы (қайтыс болуы) немесе зақымдануы жағдайларында

**біржолғы өтемақы төлеуге арналған өтініштерді тіркеу
ЖУРНАЛЫ**

Өтініштің!	Зақым алған, оның!	Қайтыс болған !	Зиянның !	Біржолғы!	Төлеу
келіп !	ішінде қайтыс !	қызметкер !	(өлім, !	өтемақы.!құжат.	
түскен !	болған қызметкер.!мұрагерінің !	мүгедектік, !	ның !	ының N	
күні !	дің Т.А.Ә. және !	Т.А.Ә. және !	ауыр немесе !	сомасы !	және
	!оның мекен-жайы !	оның мекен-жайы!	жеңіл зақым !		!күні
	!	!	! алу) орнын !		!
	!	!	! толтырудың !		!
	!	!	! себебі !		!

— — — — —

— — — — —
